

Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Райымбек батыр



Райымбек — қазақ халқының даңқты ұлы. Ол — жоңғар шапқыншыларынан елді азат етуде сіңірген ерлік істері аңызға айналған атакты батыр. Жетісу жерін жоңғарлардан азат ету жолында қаншама ерліктер жасаған.

Ондаған жылдар бойы қалмақтармен соғыста мол тәжірибе жинаған Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Өтеген, Наурызбай сияқты батырлар бастаған қазақтар жоңғарларды шығысқа қарай ығыстырды. Қалмақтар Райымбектің найзасынан

ғана емес, ұранға айналған атынан да қорқатын болған.

Жоңғарлар басып алған жер — суды тастап, қаша бастайды.

Кеген ауданында қалмақ ханы Ағанастың есімімен аталып кеткен Ағанас деген жер бар. Сол Ағанастағы Таушелек пен Жалаңаштан, Көртоғай мен Торыайғырдан қалмақтарды қуып, Кегенге асырғанда Райымбек қолы түтіккен шоқы қазір Жалаулы деп аталады.

Батыр есімін жүрегінде сақтаған халық оның жерленген жері Алматы қаласының Райымбек даңғылында кесене орнатқан. 2005 жылы Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толуы Республика көлемінде кеңінен тойланып өтілді.